

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 869 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 маусымдағы № 437 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 869 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 68, 423-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 10-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 23-1-жолмен толықтырылсын:

"

23-1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық кеңестердің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	АҚДМ	Тамыз	Қыркүйек	Қараша	М. А. Әзілханов
-------	--	------	-------	----------	--------	-----------------

";

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында:

"ҚДМ – Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*А.Мамин*